

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Зигмунд Фрейд (1856–1939)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

Сексуалдық теория туралы үш эссе (1905)

Мамандығы бойынша философ болмаса да, психоанализдің тұңғыш негізін салушысы байыпты философиялық мәні бар шығарманы дүниеге әкелді. Бұл шығарма оның өмірімен тығыз байланысты. «Сексуалдық теория туралы үш эссенің» орнын анықтау үшін, әуелі Фрейдтің өмірі мен шығармашылығының дамуы жөнінде қысқаша баяндап, негізгі шығармаларын да атап көрсетейік.

Фрейд Моравияның Фрайберг қаласында 1856 жылы 6 мамыр күні дүниеге келген. Бес жасында оның отбасы Вена қаласына келіп қоныстанады. Одан кейінгі Фрейдтің бүкіл ғұмыры осы қаламен тығыз байланысты болды. Нацистік аншлюстен кейін 1938 жылы маусым айында Фрейд Венаны тастап, Лондонға барып тұрақтайды. Осы қалада 1939 жылы жақ сүйегі обырынан көз жұмады.

Фрейдтің интеллектуалды өмірінің төрт кезеңі

1-кезең

Психоанализ термині пайда болған 1896 жылға дейінгі кезең. Осы кезеңде Фрейд Венада медицинаны оқып, үйренеді. Ол 1882 жылы дәрігер, 1885 жылы невропатология приват-доценті болды. Жүйке жүйесін және кокаиннің емдік әсерін зерттеумен айналысады. Дәл осы кездері есірікті гипноз арқылы катарсис әдісімен емдеудің жай-жапсары баяндалған еңбектері қатты қызықтырған Йозеф Брейермен кездеседі. 1885–1886 жылдары Жан-Мартен Шаркомен бірге жұмыс істеу үшін Парижге, Сальпетриерге сапар шегеді. 1898 жылы Нансиде суггестологияны зерттейді. Брейермен екеуі жазған «Есірік туралы зерттеулер» осы кезеңнің қорытындысы іспеттес. 1887 жылы Вильгельм Флиспен танысып, онымен белсенді хат жазыса бастайды. Осы хат-хабарлар Фрейдтің өзіндік талдау құрылымын жасауына ықпал етеді. Философ психоанализді ашу үшін «Ғылыми психология туралы очерктерін» жазуға отырады.

Фрейд неврозды тұқым қуалаушылықтан – қайта туудың себеп-салдарлық байланысынан шығарады. Аналитикалық емдеу психоаналитикалық білімнің қайнар көзі болатын еркін вербалды ассоциацияның пайдасына шешіліп, гипноздан бас тартуға алып келеді.

2-кезең

1897–1905 жылдар аралығында Фрейд психоанализ негіздерін нығайтады. Енді оған бір топ сенімді жақтастары көмекке келеді. Невроздардың жалпы теориясын іздеген ол, алдымен, невроздың пайда болуында ересектердің сәбиді азғырудағы рөлін атап көрсетеді. Азғыру теориясы Фрейдке невроздардың сексуалдық этиологиясын жасауға және психикадағы қақтығыстың өзара байланысты тежелу механизмін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Дәл сол кезде ол азғырудың ешқандай нақты белгілерінің жоқ екеніне қынжыла отырып көз жеткізеді. Осы бір қолайсыз сәт, яғни, Флисске 1897 жылдың 21 қыркүйегінде жазылған хатта айтылған: «Мен енді өзімнің невротик екеніме сенбеймін» дегені, негізінен, Фрейдті психоанализ теориясына батыл қадам жасауға итермеледі деп есептеледі. Ол, шындығында, оған бейсаналық бейне, психикалық шындық ұғымдарын алдыңғы қатарға шығаруға және бала сексуалдығы мен Эдип комплексі ұғымдарын табуға ынталандырды. Психоанализдің таза нысаны: бейсаналық құмарлық анық көрінді.

Оның еңбектері:

«Түс жору» (1900),

«Күнделікті өмірдің психопатологиясы» (1904),

«Бейсаналықпен өзара қарым-қатынастағы ақыл сөзі» (1905),

«Психоанализдің пайдасында» (1913).



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

Фрейд психоанализде берілген бейсаналық мәртебесінің философтардағы бейсаналықтан айырмасы неде екенін түсіндіреді: «Не болмаса олардың бейсаналығы мистикалық, ұстатпайды және сезілмейді, психикамен байланысы түнек бүркеген немесе олар психиканы санамен теңестіреді де, содан соң осы анықтаманы негізге алып, бейсаналықтың психикамен ортақ ештеңесі жоқ, сол себепті философияның нысаны бола алмайды деген түйінге келеді». Дәл осы екінші кезеңнің соңында ол біз айтып отырған «Сексуалдық теория туралы үш эссесін» жазды.

3-кезең

1905–1914 жылдар – Фрейдтің өміріндегі күрделі кезең. Психоаналитикалық үйірме Адлер мен Юнгтің бөлініп кетуінен есеңгіреп қалды. Юнгпен пікірталаста Фрейд өз теориясын негіздейді. Мұнда ол объектінің ешқандай басқа ортасы толығымен баса алмайтын сексуалдық ортаның типі ретіндегі өзіне-өзі ғашықтық ұғымына өте көп мән береді. Осы кезеңді «Метапсихология» аяқтайды. Бұл – психоаналитикалық теорияның, оның импульс тежелудің, теориясының, бөлшектелген психикалық құрылғыны ойша елестету сияқты концептуалды моделдерінің синтездік ұсынымы. Фрейд метапсихологияны мынадай үш көзқарастың есеп-қисабы мен синтезі ретінде анықтайды, олар: динамикалық – күш теориясы, экономикалық – сан теориясы және топикалық – психикалық орындар теориясы. 1913 жылы жеке бейсаналықты әлеуметтік өмірмен біріктірудің мәселелері қойылған «Тотем және табу» еңбегін жариялайды.

4-кезең

1915 жылдан 1939 жылға дейінгі аралықта Фрейд соңғы метапсихологиялық синтезді жүзеге асырады. Ол «Қанағаттану принципінің арғы жағында» атты еңбегіне «ажал импульсі» ұғымын енгізеді. Бұл сексуалдық және өзін-өзі сақтау импульстерін өмір импульстеріне қайта топтастырып, оларды өлім импульстеріне қарама-қарсы қоюға әкеледі. «Мен және Ол» психикалық аппараттың жаңа топикасын көрсетеді. Осы қайта ұйымдастырудың жалғасы ретінде Фрейд «Бұқара психологиясы және адамилықты талдау» еңбегін жариялайды. 1927 жылы жарық көрген «Бір иллюзияның келешегі» туындысында діннің психоаналитикалық диагнозын қояды. Осы тақырып жөніндегі пайымдарын 1938 жылы шыққан «Мұса және монотеизм» шығармасында да жалғастырады. Философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда «Мәдениетке наразылық» Фрейд айырғысы келмейтін қос ұғым – мәдениет пен өркениет туралы ой сабақтаған маңызды еңбек саналады. Ол үшін «Kultur» – «біздің өмірімізді тұрпайы ата-бабаларымыздан алыстататын, әрі адамды табиғаттан қорғау мен адамдар арасындағы қатынастарды реттеу секілді екі түпкі мақсатқа қызмет ететін іс-қимыл мен институттардың жиынтығы». Бұл еңбегінде Фрейд тіршілік пен мәдениетке қатысты адамның зұлым табиғаты жөнінде ой толғайды.

Мәдениетке осылай қанағаттанбауды Фрейд «ажал импульсіне» бағындырады. «Үш эссені» оқырман назарына ұсынудағы біздің шешіміміз олардың зерттеу нысаны психоанализ теориясы ретінде де, онда қолданылған әдіснама тұрғысынан да қызықты болуына орай қабылданды.

Түйін

Бұл кітап бала сексуалдығы мен либидоның фрейдтік теориясын баяндайды. Шығарма үш бөліктен тұрады. Бірінші эссе ересектердің сексуалдық ауытқуларын сипаттайды. Екіншісі, осы ауытқулардың қайнар көзі ретінде бала сексуалдығы ұғымын енгізеді. Үшіншісінде, жыныстық жетілудің метаморфозалары, яғни ересектердің сексуалдығына апаратын жол зерттеледі. Шығарма сексология бойынша құрастырылған сол кездегі сөздікке сүйенген. Бірақ Фрейд көптеген сексологтардан дәйексөз келтірсе де, олардан алшақтап, өзінің жеке сексуалдық теориясын қалыптастырады.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

I. Сексуалдық ауытқулар

Фрейд шығармасын физиологиялық пісіп-жетілу процесімен бірге толысатын жыныстық жетілуі кезінде болатын адам сексуалдығының табиғаты мен ерекшелігі туралы танымал тұжырымдаманы қарастырудан бастайды. Сексуалдық бір жыныстың екінші жынысқа құмарлығы түрінде көрініс табады және оның мақсаты – жыныстық қосылу немесе соған әкелетін әрекеттер жасау. Дегенмен бұл тұжырымдама сын көтермейді. «Сексуалдық психопатия» деген еңбегін жариялаған Крафт-Эбингтің сексологиясына арналған шегінісінде Фрейд қалыпты сексуалдықтан ауытқу саналатын барлық сексуалдық бейпілдікті сипаттайды. Бейпілдіктің осындай құрылымы мен жіктелімін жасауды Фрейд аштықтың тамақ үшін қандай арсыздыққа апаратыны сияқты, сексуалдық та адамды сондай көзсіз құмарлыққа апарды деген тұжырымдамаға негіздейді. Алайда Фрейд осы сексуалдық ауытқулардың жіктелімін жасау үшін «либидо» ұғымымен қатар «импульс» ұғымын да пайдаланады. Фрейдше импульс дегеніміз не? Оны қайнар көзі дененің қандай да бір бөлігінен табылатын және көздеген мақсатты нысаны бар психикалық түрткі ретінде сипаттауға болады. Бұл анықтама жалпы және толықтай алғанда, түйсіктің классикалық ұғымына да сәйкес келген болар еді. Бірақ импульске тән сипат оның қайнар көздерінің, нысандары мен мақсаттарының сантүрлілігінде көрініс тауып, Фрейдті сексуалдық түйсік пен оның стереотипін бұзуға мәжбүр етеді. Бейпілдікті сипаттау Фрейдке қанағаттану объектісінің басқа объектімен, мысалы, гомосексуалдық жағдайында алмастырылуы немесе фетиштік шартқа сәйкес келуін көрсетуге мүмкіндік береді. Қанағаттану жақындасусыз-ақ немесе іс жүзінде «көмекші» болып шығатын дене бөліктері арқылы жүзеге асады. Бөліп көрсетілген бейпілдіктің осы өрісінің кеңістігі, невротикалық белгілердің арғы жағында жатқан бұзылған процестердің тұрақтылығы, қалыпты индивидуумның бұзылуы біраз уақытқа қалыпты сексуалдық мақсатқа ауыстыруы немесе оны қалыпты жыныстық қатынаспен алдын ала қанағаттану түрінде біріктіруі Фрейдті «бейпілдікке бейімділік ерекше белгі емес, бұл қалыпты жағдай деп қабылданған нәрсенің элементі ғана» деген идеяға алып келеді. Сексуалдылық саласында қалыптылық пен патологияға қатысты мүлдем басқа көзқарас көріне бастады. Психика мен соматиканың түйіскен жеріндегі ұғым – импульс, Ассун атап көрсеткеніндей, жан мен тәннің дуализмін бұзады. Бейсаналық айнасының қозғалтқышы саналатын импульс психикаға «елестердің-өкілдері» арқылы беріледі. Тіпті егер Фрейд осы байланысты философиялық көзқарас тұрғысынан ешқашан жүйелемесе де, психоанализ оның көмегімен «импульстер тағдырын» зерттей алады. «Эссе» сексуалдық бұзылулардың себебін балалық шақтан іздеу қажет деген оймен аяқталады. Өйткені «невроздан азап шегетіндер өз сексуалдығында бала кейіпінде қалады немесе сол күйге түседі» дейтін тұжырымдама «біздің санамызда қалыптаса бастайды және біздің назарымыз баланың сексуалдық өміріне қарай ауады». Фрейд «баланың сексуалдық даму процесін басқаратын ықпалдар ойынын оның бейпілдік, невроз немесе қалыпты сексуалдық өмір формасында қалыптасуына шейін» бақылағысы келеді.

II. Бала сексуалдығы

Сексуалдық адам өміріне оның дүниеге келген сәтінен бастап баса көктеп кірмейді. Фрейдтен көп уақыт бұрын байқалған сексуалдықтың баладағы көріністері бұдан былай айрықша феномен немесе ерте азғындаудың сұмдық мысалы ретінде саналмауы тиіс. Баланың сексуалдығы, шын мәнінде, сәби өмірге келген кезден бастап дамиды. «Бала сексуалдығы дененің өмірлік маңызды қызметтерінің қуаттануында пайда болады. Оның әлі ешқандай сексуалдық объектісі жоқ, ол аутоэротикалық сипатта, сонымен бірге оның сексуалдық мақсаты эрогенді зонаның билігінде болады», – дейді З. Фрейд.

Оны терістеу – салдары тым ауыр қателік. Өйткені, Фрейдтің айтуынша, біздің қазіргі сексуалдық өмір туралы білместігіміздің себебі де сонда жатыр. Шынында, ересек адамның сексуалдығы балалық сипатта болады. Екінші эссе бізге регрессивті процесті ұсынады. Фрейд бөліп көрсеткен үш белгі (қуаттану, аутоэротизм және эрогенді зона) бала сексуалдығын



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

анықтауға ғана қызмет етпейді, сонымен бірге ересектердің бұзылуын көрсетеді және оның ықпал ету өрісін кеңейтуді талап ете отырып, адам сексуалдығын айқын да анық білдіреді. Баланың психосексуалдық іс-әрекеті осылайша эрогенді зоналармен байланысты бірқатар кезеңдерден өтеді. Бұл сатылар «бөлекше импульстердің» басым болуымен сипатталады.

Мысалы, олар баланың қолына ұстаған барлық заттарын аузына салуында, табиғи қажеттіліктерін атқаруымен байланысты жағымды сезімдерде және ақыр аяғында мастурбацияда көрініс табады. Оральдық сексуалдыққа мысал ретінде алынған сору процесі осы тақырыпқа сәуле түсіреді. Осылайша, негізгі өмірлік қызмет – тамақтану – эрогенді зонаның рөлін атқаратын еріннің ырғақты және қайталанатын қозғалысының қабаттасуымен қуаттанады. Бұл қозғалыстың мақсаты – азық-түлік өнімдерін жұту емес, индивидуум тіпті аштық сезімі пайда болғанға дейін де қайталауға тырысатын аутоэротикалық қанағаттану. Егер ауыз қуысының осы эрогендік маңызы өмір сүруін жалғастырса, Фрейдтің пікірінше, онда ондай балалар ер жеткенде сүйісудің құмарпазына айналады, бейпіл сүйісулерге бейімділігін арттырады, ішуге немесе шегуге ынтық болады. Бірақ егер, керісінше, тежелу жүрсе, онда олар есірік (истерия) кезінде астан жиренуді және лоқсуды бастан кешіреді. Фрейдтің ойынша, бала ақыр аяғында бәрін сексуалдық мағынада пайдаланады екен: мысалы, әткеншекке немесе тербелуге қатысты бұлшықет жұмысын механикалық тітіркендіру, сөйлеу, айту, іздеу сияқты іс-қимылдар... «Шынында, біздің ағзамызда мейлі әлжуаз түрде болса да, сексуалдық импульстің қозуына ықпал етпейтін ештеңе жоқ». Сондай-ақ Фрейд талдау жүргізген – балалардың өздерінің шығу тегі туралы сексуалдық зерттеулері – оның да жеке сексуалдық түсінідірмелерін жасайтын зерттеуші екенін айғақтайды. Баланың бойға бітуі туралы нақты ғылыми теориялар, әрине, балалардың тапқан жауаптарының мүлдем дұрыс емес екенін көрсетеді. Бірақ Фрейд бұдан олар өзінің данышпандығын жоғалтпайды деп есептейді. Бір қызығы, олар бізге бейсаналықтан мағынасы ашылған қалпындағы біліммен жаңа байланысты, шыншыл реңді байланысты көрсетеді. Бала көптеген заттарды ойлап тапқан қарқынды сексуалдық іс-әрекет кезеңінен кейін, импульске қайшы сезімдердің қысымымен, «бала амнезиясымен», баланың сексуалдық тежелуімен сипатталатын «латентті кезеңге» өтеді. Дегенмен мұнда да сексуалдықты дәріптеуде өз рөлін атқарады. Осы екінші эсседе, ақын айтқандай, бала «адамның әкесіне» айналады.

III. Жетілу метаморфозалары

Үшінші эссе жасөспірім «латентті кезеңнен» шыққанда жетілудің биологиялық шындығымен, екінші сексуалдықпен бетпе-бет келген кезде не болатынын зерттейді. Әлбетте, екінші сексуалдықты, егер ол Фрейдке дейін де бағамдалғанындай сексуалдықтың кенеттен пайда болуы ретінде қабылданса немесе бұрыннан бар, бала сексуалдығына жымдаса жалғасса, мұны бұлай зерттеуге болмайды.

Фрейдтің пікірінше, жетілу адам сексуалдығын баланы өмірге әкелу басымдығына әкелетін өзгерістер кезеңін ашады. Осыған дейін сексуалдық импульс негізінен аутоэротикалық болды, енді ол сексуалдық нысанды табады. Бұрын оның қызметі белгілі бір қанағаттануды бірден-бір сексуалдық мақсат ретінде іздеген бір-біріне тәуелсіз жекелеген импульстер мен эрогенді зоналардан туындады. Енді жаңа сексуалдық мақсат беріледі. Оған жету үшін барлық жекелеген импульстер қатысады, ал эрогенді зоналар гениталдық зонаның басымдығына бағынады. Одан әрі Фрейд гениталдық зоналардың үстемдігін және оның алдын ала қанағаттанумен байланысын зерттейді. Ол жетілудегі осы өзгерістердің, ең алдымен, анатомиялық дамумен байланысты екенін көрсетеді: пісіп-жетілу сыртқы және ішкі репродуктивті органдардың өсуіне әкеледі. Сексуалдық қозу стимуляцияның үш формасынан – әлі пайдаланылмаған жолдар арқылы органикалық ішкі әлемнен, эрогенді зоналардың қозу жолымен сыртқы дүниеден, ақыр аяғында психикалық өмірден бастау алады. Мәселе осы сексуалдық ширығудың табиғатында: шынында да, Фрейдтің пікірінше, кез келген ширығу нақты психикалық жағдайды өзгертудің шұғыл талабымен бірге жүретін қанағаттанбау сезімін тудырады. Сексуалдық қозудан туындаған ширығу рақаттанумен толтырылған сияқты қабылданады. Жағымсыз ширығу пен қанағаттану сезімі арасындағы осы сыртқы қарама-қайшылықты Фрейд эрогенді зоналардың



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

рөлімен байланыстырады. Ол басқа нәрселермен қоса көтеріңкі сексуалдық ширығуды туғызатын осы қанағаттану жиынтығын түзеді. Сонымен, Фрейд алдын ала рақаттану мен баланың сексуалдық өмірі арасындағы байланысты орнатады. Егер алдын ала рақаттануға шамадан тыс көңіл бөлінсе, онда ол қалыпты сексуалдық мақсаттың орнын иеленуі мүмкін. «Бұл жыныстық актіге дайындық іс-қимылдарына тыйым салуда көрінетін көптеген бейпілдіктердің нақты механизмі осындай» (З. Фрейд).

Сондықтан пісіп-жетілудің аталған кезеңінде ұрпақ жалғастыру басымдығының орнығуы жекелеген импульстердің үйлесімді синтезі емес, керісінше, оларға қарсы бағытталған күрес болып есептеледі. Фрейд сондай-ақ осы импульстердің басым күйде қалатынын тұжырымдайды. Сол сияқты пісіп-жетілудің осы кезеңіндегі ер мен әйелге жіктелу, ер және әйел мінезінің бөлінуі де тыныш өтпейді. Осылайша, Фрейд қыз бала үшін өзін әйел болмысымен сәйкестендіруі – өткен еркектік сексуалдық өмірінен бас тартуды, тежелуді туындататынын көрсетеді. Әйелге тән қасиет Фрейдтің назарын Флисстің бисексуалдық туралы теориясына аудартады.

Сексуалдық мақсат үшін бір объектіге бағытталған нәзік және сезімдік ағымның бірігуі де мәселе туындатады. Өйткені ол қарама-қарсылықты қайтадан іске қосады. Шындығында, осы екі ағым латентті кезеңде бір-бірінен ажырауы, сөйтіп, әрі қарай бала сексуалдығының бірінші ағымы ғана өмір сүруін жалғастыруы тиіс. Нысанды ашу – жетілуді ойлап табу дегенді білдірмейді. Керісінше, мұны – қайта ашу деген жөн.

«Баланың өзін күтіп-баққан адаммен қарым-қатынасы ол үшін эрогенді зоналардан туындайтын сексуалдық қозу мен рақаттанудың тұрақты қайнар көзі болады. Оған қоса, жалпыға ортақ ереже бойынша, бұл оның туған анасы болса, ол өзінің жеке сексуалдық өмірінде алған сезімдерін – еркелету, құшақтау, тербету арқылы баласына сыйға береді – ал бала біртіндеп анасын сексуалдық объектісін алмастырушы ретінде қабылдай бастайды», – дейді З. Фрейд.

Содан соң Фрейд қан араласуға салынған тыйымды жасөспірім кезеңдегі сексуалдық объектіні анықтау тұрғысынан қарастырады. Ол бұл тыйым балалардың өз ата-аналарына деген махаббатына қатыссыз, сондай-ақ оның терең сексуалдық сипатқа ие екенін көрсетеді. Клиникалық талдау барысында «ата-анаға деген сырттай сексуалдық болып көрінбейтін махаббат және сексуалдық махаббат бір қайнар көзден бастау алады. Бұл бізді алдыңғы махаббат жыныстық түйсіктің тек балалық шақтағы орнығуына сәйкес келеді деген ойға жетелейді». Кейбір ересек жандардың сексуалдық тұрғыдан қалыптасуында немесе отбасылық өмірден қанағат табуында болатын қиындықтар нақ осыған байланысты. Бұл эсседе сексуалдық қозу тұрғысындағы психохимиялық процестер бойынша дәлелі аз зерттеулер мен жыныстық түйсік туралы таза фрейдтік теорияның түсініктері қатар өрбіген. Либида – «сексуалдық қозу саласындағы процестер мен құбылуларды өлшеуге мүмкіндік беретін өзгермелі сандық күш».

Оның пайда болуы, ұлғаюы мен қысқаруы, таралуы немесе орын ауыстыруы психосексуалдық феномендерді түсіндіруге мүмкіндік беруі тиіс. Ол объект ретінде не жеке менің, не сыртқы нысанды таңдай алады.

Қысқаша қорытынды

Үш эссе шығарманы сипаттайтын кейінді-ілгерінді қозғалыстың синтезін көрсететін түйіндемемен аяқталады. Фрейд «невроз бейпілдіктің негативі екенін көрсететін» ересектердің сексуалдық ауытқуларын бақылау және жүйкесі жұқарған адамдардағы симптомдардың қалыптасуын талдаудан бастап тарқатады. Сол кезде оған бейпілдікке «бейімділік адамның сексуалдық импульсінің бастапқы және әмбебап бейімділігі саналады» деген идея туындайды. Өткенге, балалық кезеңге үңілудің және осы күнге дейін белгісіз болып келген ондағы бар сексуалдық импульстерді табудың қажеттілігі осыдан шығады. Осылайша, адам сексуалдығы екі кезеңмен қалыптасады: латентті кезеңдермен бөлінген бала сексуалдығы және жыныстық жетілу. Осының бәрі қалыпты адамның сексуалдығы мен одан ауытқуды, сондай-ақ невротикалық процесті түсіндіреді. Жалпақ тілмен айтқанда, Фрейд адамның жыныстық дамуының екі кезеңінің қалыптасуы, адамның жоғарғы мәдениетті дамыту қабілетін жүзеге асырудың шарттарының бірін, сонымен бірге оның неврозға бейімділігін құрсаулайды. Егер



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

қандай да бір факторлар, мысалы, тұқым қуалаушылық дамуды бұза отырып, ықпал етуі мүмкін болса, онда Фрейдтің пікірінше, субъектінің осы тектік мұраны қалай жұмсайтыны маңызды. Бұл фактор субъектінің өміріндегі кездейсоқтықтарға қарағанда аса маңызды емес. Фрейд бұл шығармасын аса ұстамдылықпен аяқтайды. «Сексуалдық өмірдегі бейпілдікті зерттеуден шығатын қорытынды біздің сексуалдықтың мәнін құрайтын биологиялық процестер туралы жеткілікті білімнен алыс екенімізді көрсетеді. Сондықтан біз өзіміздің фрагментарлық білімімізбен қалыптылықты да, патологияны да түсінуге мүмкіндік беретін теорияны қалыптастыра алмаймыз» (З. Фрейд).

Түйін

Фрейд соңғы ашқан жаңалықтарын негізге ала отырып, әр қайта басылымына қыруар түзетулер (кейде ұсақ), қосымшалар мен анықтамалар енгізіп, осы шығармасын бірнеше мәрте қайта жөннеді. «Үш эссені» Фрейдтің ұлы туындысының бірі ретінде қарастыруға болады. Бізді философиялық тұрғыдан қызықтыратыны – шығарманың жоспары, құрылымы және сол арқылы көрініс тапқан, біз түсіндірме беріп отырған ой өрісі мен әдісі.

Теріс реакция

Кітаптың бірінші жарияланымына жақсы пікірлер айтылмады. Мың дана кітап төрт жыл бойы сатылды. Осыдан кейінгі екі басылымы да табысты болмады.

Таралымының көптігіне қарамастан, кітап Фрейдті танымал етпеді. Көптеген оқырмандар оны ерсі қылығы үшін айыптады.

Вена тұрғындары көшеде Фрейдпен амандасуды қойды. Баланы полиморфты бұзылған субъект ретінде көрсеткені, ал ересектердің сексуалдығынан балалық белгілерді анықтағаны үшін жазғырды. Бірақ осы жазғырулардың арғы жағында, оның сексуалдықтың түпкі мақсаты – ұрпақ жалғастыру деп саналған догмаға күмән келтіргенін сол кезеңдегі қоғамның қабылдай алмағаны бұғып жататын. Фрейд сексуалдықтың тоят таппайтын мақсатты көздейтінін, оның кез келген күрт қозуы ауыздықсыз бейпілдікке соқтыруы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл кітап, әрине, үлкен дау-дамай туғызды, өйткені ол өз заманындағы балалық шақ туралы ежелден орныққан түсініктер мен баланың сексуалдығына қатысты барлық тәрбиелік тұжырымдарға қауіп төндірді. Сөйтіп, бұрыннан қалыптасқан қоғамдық пікірге көзжұмбайлықпен қарсы шықты. Барлық гуманитарлық ғылымдарға жарамды зерттеу логикасы.

«Мен» әдісін ойлап табу

Біздің қысқаша баяндауымыз «Үш эссенің» Фрейд «Сексуалдық ауытқулар, Бала сексуалдығы, Жетілу метаморфозалары» деген тақырыптарға бөлген құрылымына ілесе жүрді. Жан Лапланш «Жоғалған түйсік, адам сексуалдығының шығу тегі» және «Табылған түйсік» немесе тіпті «Жалға алынған инстинкт» деген тіркестерді тақырыпшаларға атау ретінде ұсынады.

Лапланштың пікірінше, сырттай қарағанда осы қарапайым құрылым бірізділіктің әртүрлі типтерін жіктеуге мүмкіндік береді: мәселен, эвристикалық жоспар, пікірталастық, генетикалық... Біз бұл кітапты философиялық ойлаудың моделі ретінде пайдалы деп есептейміз. Өйткені одан бұған дейін Маркс «Капиталда» капитализмді сипаттауда қолданған кейінді-ілгерінді әдістің адам ойының мүлдем басқа саласындағы мысалын табуға болады. Маркс өз дәуіріндегі капитализмнің құрылымын зерттейді. Сонымен бірге капитализмді түсіндіретін авторлардың қосымша құн феноменін түсінбейтінін көрсетеді. Ол өндірістің антикалық, сонан соң, феодалдық, содан кейін, капиталистік тәсілінің дамуын түсіндіру үшін өткенге оралады. Тарихқа жасаған осы саяхатымен мол деректер жинақтаған Маркс экономиканы таптар



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 18. Зигмунд Фрейд (1856–1939)

күресінің теориясымен және өндірістің капиталистік тәсілінің айтарлықтай артықшылығымен түсіндіре отырып, осы шаққа қайта келеді. Фрейдтік ойдың үш кезеңі – әуелі сексуалдық ауытқушылықтар тақырыбындағы пікірталастардың «құрылымына сыни талдау» және осыған дейінгі теориялардың тұйыққа тірелген жағдайын көрсету әрекеті. Екіншіден, мәселені зерттеудің кейінді тәсілімен уақыттық тұрғыда қарастыру: Бұл қайдан келеді? Фрейд бүгінгі дәл сондай патогенді құрылымды, сондай «конституцияны» түсіндіретін бұрын да бар барлық қарама-қайшылықтарға назар аударады. Мұнда қалыпты сексуалдықтың дамуы мен қалыптасуын бұзатын барлық сәттерді анықтап көрсету, ең соңында табылған қайшылықтарды талдауға сүйене отырып, қазіргі құрылымына оралу, сонымен бірге адам сексуалдығын, оның ауытқушылықтарында, жалпы тұжырымдамасында да жаңаша түсіндіру туралы сөз болып отыр. Біз осы әдісті басқа философтардың да (Анри Лефевр, Жан-Поль Сартр) пайдаланғанын көреміз. Ол бізге бүгінде философия немесе гуманитарлық ғылымдардың әрқилы мәселелерін қарастырудағы шапшаң әдіс болып көрінеді.

Өзекті кітап

Осы кітаптың көптеген деңгейлерде өзектілігін танытуы оның іргелі шығарма екенін көрсетеді. Ол қоғамның баламен байланыстыратын және байланыстырып келе жатқан, әсіресе ересектердегі балалықтың көрінісіне қатысты қалыптасқан түсінікті түбегейлі өзгертеді және кітапта білім мен шындықтың ара-қатынасына байланысты мәселе талқыланады және осы қатынастағы олқылықтар атап көрсетіледі. Ассун айтқандай, «философиялық тұжырымдаманы шындыққа ұмтылысың әбден құпталғанға дейін қайта пайымдау халіне әкелетін шығу тегің туралы біліммен, уақытпен ойлау» туралы сөз болып отыр. «Сексуалдық ауытқулар» тұрғысынан бұл кітап қалыптылық пен патология арасындағы шекара жөніндегі нәзік мәселенің ұшығын шығарып, оны басқа тұрғыдан қарастыруды ұсынады.